



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 29 шілдедегі

№ ҚР ДСМ - 69

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлауға
2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес және «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында конкурс негізінде саны 400 орын орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

2) осы бұйрыққа 2 - қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында саны 500 орын медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын және ерекше мәртебесі бар жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандар даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

3) медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында конкурс негізінде саны 2200 орын жоғары медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандар даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

4) медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында конкурс негізінде саны 275 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және

фармацевтикалық білімі бар мамандар даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

5) осы бұйрыққа 3 - қосымшаға сәйкес медицина кадрларын даярлауды жүзеге асыратын және ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында саны 50 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды магистратурада даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

б) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес саны 160 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды PhD докторантурада даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған;

7) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес саны 1500 орын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар мамандарды резидентурада даярлауға 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрі**

А. Цой

Результаты согласования

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Заместитель директора Серикболсын Темирханович Темирханов, 28.07.2021 11:41:46, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Алмат Курмангазыевич Мадалиев, 28.07.2021 18:53:16, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі А. Цой, 29.07.2021 12:27:32, положительный результат проверки ЭЦП

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2021 жылғы 29 шілдедегі
№ ҚР ДСМ - 69
бұйрыққа 5-қосымша

**Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімі бар мамандарды
резидентурада даярлаудың 2021-2022 оқу жылына арналған мемлекеттік
білім беру тапсырысы**

№	Бөлінген орын саны	Мамандық атауы	Мамандық бойынша бөлінген орын саны
1.		«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
	351	Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	24
		Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың	6
		Ангиохирургия ересектердің, балалардың	2
		Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың	36
		Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	3
		Гематология ересектердің	6
		Балалар хирургиясы	3
		Инфекциялық аурулар ересектердің, балалардың	30
		Кардиология ересектердің, балалардың	7
		Кардиохирургия ересектердің, балалардың	2
		Клиникалық фармакология	6
		Радиология	12
		Онкология радиациялық	6
		Медициналық генетика	3
		Неврология ересектердің, балалардың	2
		Нейрохирургия ересектердің, балалардың	3
		Неонатология	12
		Нефрология ересектердің, балалардың	5
		Жалпы хирургия	6
		Онкология ересектердің	24
		Онкология және гематология балалардың	3
		Оториноларингология ересектердің, балалардың	6
		Офтальмология ересектердің, балалардың	2
		Педиатрия	24
		Психиатрия ересектердің, балалардың	24

	Пульмонология ересектердің, балалардың	8
	Ревматология ересектердің, балалардың	8
	Отбасылық медицина	2
	Шұғыл медицина ересектердің, балалардың	7
	Терапия	24
	Травматология-ортопедия ересектердің, балалардың	9
	Урология және андрология ересектердің, балалардың	3
	Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың	24
	Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің, балалардың	3
	Эндокринология ересектердің, балалардың	6

Результаты согласования

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Заместитель директора Серикболсын Темирханович Темирханов, 28.07.2021 11:41:46, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Алмат Курмангазыевич Мадалиев, 28.07.2021 18:53:16, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі А. Цой, 29.07.2021 12:27:32, положительный результат проверки ЭЦП